

**Әкімдіктің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 89 "Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № 16 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 ақпанда № 26930 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алтынсарин ауданы әкімдігінің "Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы" 2020 жылғы 10 шілдедегі № 89 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9321 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Алтынсарин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алтынсарин ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Сартов*